

Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 шілдедегі № 1572 "Орал қаласы бойынша жекелеген санаттағы азаматтар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 1 қарашадағы № 3425 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 қарашада № 3358 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қазандағы № 3304 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 14.10.2016 ж. № 3304 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 7 шілдедегі № 1572 "Орал қаласы бойынша жекелеген санаттағы азаматтар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-211 тіркелген, 2011 жылғы 11 тамыздағы "Жайық үні" газетінде және 2011 жылғы 12 тамыздағы "Пульс города" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Ғ. Ғ. Орынғалиевқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Көлгінов